



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ  
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –  
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ  
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО  
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ  
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

3. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 - 2025 годы, утверждённая постановлением Правительства Республики Казахстан № 726 от 12 октября 2021 года.
4. Кашук И.И., Кашук Л.И. Непрерывное образование: проблемы управления и перспективы развития // Вестник ИнЕУ. - 2012. - № 3. - С. 52-56
5. Балабаев Б.К. Внедрение кредитно-модульной системы обучения в ТиПО // Жаңартылған бағдарлама: жаңа көзқарас, жаңа мүмкіндік: материалы республикоанской онлайн конференции (г.Алматы, декабрь 2021 г.). – Алматы: 2021.
6. Пралиев С.Ж., Жампеисова К.К., Хан Н.Н., Колумбаева Ш.Ж., Кайдарова А.Д. Концептуальные основы системной модернизации педагогического образования в Республике Казахстан // Казахский национальный педагогический университет им. Абая - 2020. - с. 1-23.
7. Афанасьев Д.В., Грызлов В.С. Компетентностный подход и кредитно-модульная система обучения // Высшее образование в России. - 2013. - №6. – с. 11-18.
8. Балабаев Б.К. «Моделирование образовательного процесса с учётом академической самостоятельности в организациях технического и профессионального, послесреднего образования» // Рабочий блокнот слушателя курсов повышения квалификации педагогов по образовательной программе. 2021. С. 11-12.
9. Григорьева А.А. Актуальные проблемы непрерывного педагогического образования // Преподаватель XXI век. 2012. №3. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/aktualnye-problemy-nerpreryvnogo-pedagogicheskogo-obrazovaniya>.
10. Шуиншина Ш.М., Альпеисов Е.А., Ахметова Б.С., Туяков Е.А., Адамова М.Е. Некоторые вопросы модернизации системы образования Казахстана // Современные проблемы науки и образования. – 2019. – № 2. URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=28692>.

УДК 82.09(574)

## **АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК ҚҰНДЫЛЫҒЫ**

**Балтабаева Ажар Багитжановна,**

А. Байтұрсынов атындағы

Қостанай өңірлік университетінің

қазақ филология мамандығы бойынша

білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты

### **Аннотация**

Өзектілігі және мақсаты: Бұл мақалада ұлы ойшыл, жазушы, ақын Абай Құнанбаевтың ұлттық және жалпы адамзаттық мәдениеттің дамуына қосқан үлесі туралы айтылады. Абай қара сөздерінің адамзатқа қосқан идеясын, оның рухани-адамгершілік тәрбие идеялары, кемел тұлғаны жан-жақты дамытудағы білімнің, ағартудың, мәдениеттің рөлі туралы түсініктерін ашуға ерекше назар аударады.

**Түйінді сөздер:** Абай, қара сөз, құндылық, адамгершілік, адам.

### **Аннотация**

Актуальность и цель: В этой статье рассказывается о вкладе великого мыслителя, писателя, поэта Абая Кунанбаева в развитие национальной и общечеловеческой культуры. Особое внимание Абай уделяет раскрытию идей слов назидания, внесенных в человечество, его представлений об идеях духовно-нравственного воспитания, роли образования, просвещения, культуры в всестороннем развитии зрелой личности.

**Ключевые слова:** Абай, слова назидания, ценность, нравственность, человек.

### **Abstract**

Relevance and goal: This article tells about the contribution of the great thinker, writer, poet Abai Kunanbayev to the development of national and universal culture. Abai pays special attention to the disclosure of the ideas of edification introduced into humanity, his ideas about the ideas of spiritual and moral education, the role of education, enlightenment, culture in the comprehensive development of a mature personality.

**Keywords:** Abai, words of edification, value, morality, man.

Қазақтың бас ақыны Абай атамыз өз ғұмырын тек өлең жазуға, орыс және басқа да тілдерден аудармалар жасауға ғана арнамаған. Сонымен бірге публицистикалық шығармаларын, атап айтсақ «қара сөздерін» жазып қалдырғаны бәрімізге мәлім.

Абай әлемге әйгілі қара сөздерінде шығарманың бейнесіне мән беріп қана қоймай, оның тереңдігіне, шыншылдығына, логикалық мәніне көңіл бөлген. Хакімнің гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойы дін туралы пікірлерімен бірігіп, біртұтас қазақ халқының философиялық тұжырымдамасын құрайды.

Осы тұрғыдан келгенде қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен қара сөздері халыққа ерекше тәрбие береді, адамгершілікке үндейді. Оңайдан қиынға қарай, жақыннан жыраққа қарай, қызықты, күлкілі жайдан үлкен толғаулы қорытындыға қарай біртіндеп әкеледі. Осының барлығы адамзатты адамгершілікке жетелеу мақсатында деп түсінеміз.

Абай атамыздың қай қара сөзін алмасақ та, тұнып тұрған ақыл-кеңес, даналық, тәрбие көзі. Ол өзінің қара сөздері арқылы өзінің ойын қазақ бетіне түсіріп, қандай да болса адамзатқа үлгі-өнеге, өсиет ретінде жазып қалдырды.

Өзінің «Қара сөздерінде» толықтерең философиялық идеялар арқылы ол білім берудің өмірдегі маңыздылығы туралы айтады. Жалпы Абай ілімі «Толыққанды адам» болу үшін қазақ жастары жоғары моральдық-этикалық, мәдени және басқа жалпыадамзаттық құндылықтарды игеруге шақырады. Ақын жастарды оқуға, ғылымды, түрлі жаңа қолөнерді игеруге шақырды, адал, жақсы жұмыс істеуге кеңес берді.

Қазақ халқын ағарту үшін әлемдік мәдениет пен ғылымның маңызы туралы ой жүгірте отырып, ойшыл өз халқын белсенді түрде тұрақты дамып, жетіліп, рухани әлеміңізді байытыңыз деп шақырады.

Ұлы ойшылдың көптеген шығармалары моральдық-этикалық көзқарастармен, мүдделерге, адамгершілік мұраттарға және еңбек халқының даналығы, қазақ зиялыларының шығармашылығына-ақындар мен композиторлардың қоғамдық Шығыс және батыс халықтарының ойларымен ұштасып жатыр.

Сонымен, Ұлы Абайдың шығармашылығы терең рухани-адамгершілікке толы, өйткені, ақын өз заманынан бұрын ойлады десе болады, осындай жалпы адамзаттық идеалдардан жоғары, ағартушылық, еңбек, халықтың рухани бірлігі ретінде қарастырды. Оның шығармаларының тәрбиелік мәні ерекше, ғылыми және практикалық құндылығы жоғары.

Абай қара сөздерін публицистикалық стильде жазған, дегенмен оқырманмен сырласа, пікірлесе, кеңесе отыра, мазмұнды да мәнді ерекше ой-пікірін білдіреді. Абайдың өзі қара сөзін жазар алдында оқырманға «көрек кісі болса алсын, алмаса, өз сөзім өзімдікі» деп ешкімді мәжбүрлемейтінін айта кеткен. «Әйтеуір ақсақалдар айтпады деп, жүрмесін деп аз ғана сөз шығардық,» – дей отырып, «Атымды адам қойған соң» үндемей қалмайын, өмірден көрген- түйгендерімді кейінгі жастарға айта отырайын, егер де шалыс басып, теріс жолмен жүрген жастар болса, келеңсіз іс-әрекеттерін түзетіп, ой-елегінен өткізіп, ақылға келер дегенді айтқысы келеді. Абай қара сөздерінің барлығы да сол замандағы әлеуметтік күрделі мәселелерді сөз еткенімен, қазіргі таңда да қара сөздеріндегі ғибратты ойлары мен ақыл-кеңестері әлі де мән-маңыздылығын жойған жоқ, керісінше, жастардың Абайдан алар өсиет-өнегелері, кеңестері нағыз осы құбылмалы дәуірге лайықталып жазылғанға ұқсайды.

Ең алғашқы қара сөзінде Абай атамыз алдағы өмірінде нені кәсіп қылып, қалай өткізетіні жайлы талқылап, талдап жазған. Ел бағу, мал бағу, ғылым бағу, софылық қылып дін бағу, балаларды бағу - қажып, жер ортасы жасқа келгенде бұлардың ешбірін кәсіп қылғысы келмеді. Осы уақытқа дейін қылып жүрген істерінің байлаусызын, баянсызын, барлығының қоршылық екенін 1-ші қара сөзінде атап көрсетеді. [1, 236]

Мәселен, Абайдың: «Дүние – үлкен көл, заман – соққан жел», «Алдыңғы толқын ағалар, артқы толқын інілер, кезектене бөлінер, баяғыдай көрінер» деген сөздерінің өзінен-ақ Абай ой-тұжырымдарының қазіргі жастар үшін де берер тәрбиесі мен өнегесі орасан зор екені анық.

Мынаны біз сенімді түрде айта аламыз, Абай жариялаған моральдық нормалар, бір жағынан айыптаушылар, дөрекілік, арсыздық, әдепсіздік, жалқаулық, надандық, екіншісі-еңбекке деген сүйіспеншілікті арттыру, халықтың мүддесі үшін жанқиярлық күрес, адалдық, шыншылдық, оқудағы табандылық, ғылым, оның жоғары этикалық идеалы «Адам бол!» тек өз маңызын жоғалтқан жоқ.

Біздің уақыт, және жаңа дыбыс күшіне ие болды және қазіргі дәуір позициядан мұқият зерттеуді талап етеді. Қазақстан қоғамының қазіргі даму жағдайында әлемнің жаһандануы контекстінде ұлы тұлғаның үндеуі өзекті. Абайды барлық халықтардан үйрену бұл өз бетіңізше, ұлттық және адамның қадір-қасиеті, әлемді нығайту және келісімі. Нағыз патриот бола отырып, Абай өз халқының болашағын білімде көрдім, білім беру, ғылым мен өнерді дамыту, табанды және жасампаз еңбекте. Осы аманат ретінде ұлы ақынның сөздері ұрпақтарына естіледі: «Білімі, махаббаты, әділдігі көп адамдана, ғалым, бейбітшілікке ие!»

Абайдың «Алтыншы», «Сегізінші», «Он бірінші» сөздері жоғарғы ілім – білімге ұмтылуға кедергі келтіретін надандық, мақтаншақтық, қызғаншақтық мінездерді шенеуге арналады. «Бірлік, тірлік» деген сөз ұғымдарының мәнін аша келіп, «Алтыншы сөзінде» Абай: «Бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес», - десе, сол әңгімесінің екінші жерінде: «Ырыс – алды тірлік» дейді. Жанын қорғалап, жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады....

«Кеселді жалқау, қылжақ бас,

Әзір тамақ, әзір ас,  
Сыртың пысық, ішің нас,

Артын ойлап ұялмас, - болып жүріп, тірімін деме, онан да Алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық», - дейді. Ұлы ақын осы пікірін өзінің «Үшінші», «Он бірінші» сөздерінде де толықтырып, ұштай түседі. Мал үшін ар- намысын сату, бірінің үстінен бірі арыз беріп, жала жабу, ауызбіршіліктің, ынтымақтастықтың болмауы сияқты мінез-құлықтардың бәрі де надандықтан алшақ болуға тәрбиелейді. Бұл әңгімелердің идеялық мазмұны да, келешек ұрпақ үшін құндылығы да осында. [2, 86]

Отыз бірінші қара сөзіндегі айтылар ойға зер салсақ: «Естіген нәрсені ұмытпасқа төрт түрлі себеп бар: әуелі көкірегі байлаулы берік болмақ керек, екінші – сол нәрсені естігенде, я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер бір кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыра тұғын нәрселер». Абай осы төрт нәрсені ашып айту арқылы үлкен келелі мәселені көтеріп отыр. Адам баласының есту арқылы біліп–танудың қаншалықты қажеттігін жақсы түсіндіріп береді. Абайдың бұл ғибратты ойлары білімді де ойлы, зерделі де саналы, көкірек көзі ашық болатын жас ұрпақты тәрбиелеуде айрықша маңызды екендігін жете ұғамыз. Адам бойында, Абайша айтқанда, «Толық адам» болып қалыптасу үшін естіген нәрсені ұмытпаудың төрт түрлі себебін үнемі ойға түйіп жүруді еске салады.

Отыз үшінші қара сөзінде Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек,» – дей келе, талапты болудың бірнеше шарттарын түсіндіріп береді. «Әуелі білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемек керек» деген сөзінің астарына үңілер болсақ, мұнда жастарды білімге ұмтылдыра отырып, алған білімін махаббатпен, сүйіспеншілікпен жүзеге асыра білу керек дегенді айтады. Абайдың осы ғылым-білім үйренудегі алты шарты қазіргі таңдағы жастарымыздың бойында болар қасиеттер болу керек деген ойда боласың, себебі қазіргі жастарымыз шет ел асып, сол елден алған білімін, ғылымын елімізде іске асырар болса, елдің экономикасы да, мәдениеті де, ғылымы да дами түсер еді.

Абай адам бойындағы жағымсыз мінездерді де көп сынға алады. «Мал тілейсіңдер, неге керек қылайын деп тілейсіңдер? Әуелі құдайдан тілеймісің? Тілейсің. Құдай берді, бергенін алмайсың. Құдай тағала саған еңбек қылып мал табарлық қуат берді. Ол қуатты адал кәсіп қыларлық орынға жұмсаймысың. Жұмсамайсың. Ол қуатты орнын тауып сарып қыларды білерлік ғылым берді, оны оқымайсың. Ол ғылымды оқыса, ұғарлық ақыл берді, қайда жібергенінді кім біледі?... Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды? – деп, адамның ұнамсыз істерден аулақ болып, адам баласына Алланың берген сыйын қадірлей біліп, оны жамандыққа емес, еліне ғылымы мен өнерін, экономикасын көтеретін ғылым мен білімді үйренуге шақырады. Сонда ғана Абайдың айтқан мал тапқың келсе, өз кәсібінді көтеретін жолды ізде дегені, оны ұрлықпен емес, адал жолмен табуды үйретеді. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ, одан басқа нәрсемен оздым дегенінің бәрі ақымақтық», – деп ғылым, білім жайын сөз ете отырып, ең алдымен орыс ғылымын насихат етеді. Себебі күнкөрістің де, мақсатты тіршіліктің де, мал табудың да жолын орыс өнерімен байланыстырады. «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек... Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті» дейді. Абайдың бұл өсиетін ақыл таразысына салар болсақ, қазіргі жастарымызға экономикасы дамыған, ғылым мен техникасы алда жүрген батыс пен шығыстың ғылымы мен білімін үйреніп, оны іске асыр дегенді айтса керек. Абай орыстың ғылым, білімінің залалынан сақтан, жақсысынан үйрен десе, қазіргі кезде батыстың залалынан сақтанып, өзімізге қажетті жақсы жақтарын алуды ойлану керектігін айтуға болады. [3, 396]

Өзінің өлеңдеріндегі тәрізді қара сөздерінде де ұрлық, парақорлық, пәлекорлық, мансап-қорлық, тағы басқалар елдің ел болуына зор бөгет екендігін айта келіп, «Қырық бірінші сөзінде» ұлы ақын екі нәрсені ұсынады: біріншісі – «Бек зор үкімет», екіншісі – қаржы. Үкіметтің күшімен қазақтың ұл, қыздарын еріксіз түрде мектепке беріп, оларды ғылымның әр саласынан мамандандырып, ой-санасын жаңаша тәрбиелеп, бұрынғылардан мүлде өзге психология, өзгеше наным-сенімдегі адамдар етіп тәрбиелесе, сонда ғана елдің түзелетінін айтқан.

Абайдың дүниетанымында да басқа ойшылдар сияқты адамды, оның мәнін биологиялық, психологиялық, әлеуметтік және педагогикалық тұрғыдан жан-жақты қарастырады. Абай адамның эстетикалық, этикалық келбеті, оның білімі және тәрбиесі, оның сезімдері мен ақыл-ой әлемін, оның өмірлік мұраттары мен мақсатын түбегейлі зерттеген.

Міне, Абай қара сөздеріндегі еңбек, ғылым, адамгершілік, әдептілік мәселелерді көтергені, оның адам баласын, әсіресе, қазақ жастарының, ғылым мен білімді үйрене отырып, өз еліңді көркейте біл дегені болса керек. Сондықтан да Абайдың қара сөздерінен әлі де ғибратты ақыл-кеңестерді аларымыз мол, қара сөздерін құмарта оқып, Ақын айтып кеткен жолмен жүретін болсақ, қазақ елінің жастары өнегелі, ақылды, алған білімдерін еліміздің экономикасын көтеретін саналы, ақылды жастар болары сөзсіз.

Қара сөздің барлығын публицистикалық шығарма деп атасақ та болады. Өйткені қайсысын оқысаңыз да санаңызға қозғау салып, ойыңызды тереңдете түсетіні анық. Тіпті білім-ғылым жайында жазылған қара сөздерден ерекше қуат алып, белгілі бір мотивация алатын жандар да аз емес. Әрбір қазақ азаматы осы қара сөздерді оқып шығуға міндетті деп санаймын. Себебі ол ұлтының нағыз жанашырын, саналы ұрпағын тәрбиелеп шығаратыны рас. 45 қара сөздің барлығын да жаттап алған жастардың саны бүгінгі күні аз болса да, болашақта көбейетініне сенімдімін.

Біз ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлының дәуірінде айтып кеткен ғұлама сөздерінің әлі күнге дейін өз өмірімізге қажеттілігін ұғындық. Оның адамгершілікке баулыған, тәрбиеге негізделген қара сөздері арқылы рухани азық алдық, адамдық сипатта бой түзеуге тырыстық. Бұл дегеніміз ақынның халықпен бірге жасағандығы. Ақын мұрасы - халықтың сарқылмас асыл қазынасы. Қазығмызда тәлім-тәрбие алар өнегелі сөздер көп болғай деп тілейік

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы (екі томдық). – Алматы: Көркем әдебиет, 2002. – 368 б.
2. Абай Құнанбаев Қара сөздер/Абай; Мырзагелді Кемел. – Астана: Аударма, 2002. – 99 б.
3. Құнанбаев А. Избранное. Серия «Мудрость веков». - М.: Русский раритет, 2001. - 426 б.

УДК 373.24

### **РАЗВИТИЕ КРЕАТИВНОСТИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА В ИГРОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**

**Батырбаева Надия Кадыровна,**  
магистр педагогических наук  
старший менеджер филиала  
ЦПМ г.Петропавловска

**Журунтаева Сауле Байкешевна,**  
магистр педагогических наук,  
старший менеджер ЦА ЦПМ г.Нур-Султан

#### **Аннотация**

Өзектілігі мен мақсаты. Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балаларда шығармашылық дағдыларды дамытудың маңыздылығы мен өзектілігі ашылады. Мектепке дейінгі білім беру мұғалімдері үшін оқыту процесінде де, еркін ойын әрекеті кезінде де ойындарды ұйымдастыруда қолдануға болатын нақты ұсыныстар ұсынылады. Бұл материал педагогтардың әдістемелік қоржынын толықтырады деп ойлаймыз.

**Түйінді сөздер:** дағдылар, икемді дағдылар, шығармашылық, шығармашылық, ойын, ойын жаттығулары.

#### **Аннотация**

Актуальность и цель. В данной статье раскрывается важность и актуальность развития навыков креативности у детей дошкольного возраста. Для педагогов дошкольного образования предлагаются конкретные рекомендации, которые могут использовать при организации игр как в процессе обучения, так и во время свободной игровой деятельности. Думаем этот материал пополнит методическую копилку педагогов.

**Ключевые слова:** навыки, гибкие навыки, креативность, творчество, игра, игровое обучение.

#### **Abstract**

Relevance and goal. This article reveals the importance and relevance of the development of creativity skills in preschool children. For teachers of preschool education, specific recommendations are offered that can be used when organizing games both in the learning process and during free play activities. We think this material will replenish the methodological piggy bank of teachers.

**Keywords:** skills, flexible skills, creativity, creativity, game, game learning.

В современной системе образования приоритетным субъектом становится личность с ее потребностями, интересами, свойствами и индивидуальными особенностями. В этой связи происходит все более активный переход от знаниевой к личностно-ориентированной парадигме образования, поэтому направленность образовательно-воспитательного процесса дошкольного образовательного учреждения на развитие дошкольников становится актуальной проблемой. Такая значимость обусловлена и требованиями, отраженными в государственных документах (Закон Республики Казахстан «Об образовании», Государственная программа развития образования и науки